

Екібастұз өңірінің әкімшілік-аумақтық құрылысындағы кейбір өзгерістер туралы

Павлодар облысы Екібастұз қалалық әкімдігінің 2010 жылғы 28 қазандағы N 885/10 қаулысы және Павлодар облысы Екібастұз қалалық мәслихатының 2010 жылғы 02 қарашадағы N 293/25 шешімі. Павлодар облысы Екібастұз қаласының Әділет басқармасында 2010 жылғы 14 желтоқсанда N 12-3-281 тіркелген

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағы 4-тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 12-бабы 2-тармағына сәйкес және тұрғындардың пікірлерін ескере отырып, Екібастұз қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТТІ**, қалалық мәслихат **Ш Е Ш Т І :**

1. Павлодар облыстық мәслихатына және Павлодар облысының әкімдігіне:

1) шекарасын өзгертпей, Екібастұз қаласы Комсомол ауылдық округін "Шикылдақ" ауылына қайта құру ;

2) шекарасын өзгертпей, Екібастұз қаласының Қарасу ауылдық округін "Бесқауға" ауылына қайта құру ұсынысы енгізілсін.

2. Нақты шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

міндетін атқарушы

Сессия төрағасы

Қалалық мәслихат хатшысы

Екібастұз қаласының әкімінің

Н. Дычко

Е. Шаихов

Ғ. Балтабекова